



## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК СТАНДАРТЫ**

---

**ЕТ КОНСЕРВІЛЕРИ**  
**Бұқтырылған жылқы еті**  
**Техникалық шарттар**

**КОНСЕРВЫ МЯСНЫЕ**  
**Конина тушеная**  
**Технические условия**

**ҚР СТ 2123-2011**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің**  
**Техникалық реттеу және метрология комитеті**  
**(Мемстандарт)**

**Астана**



## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК СТАНДАРТЫ**

---

**ЕТ КОНСЕРВЛЕРИ**  
**Бұқтырылған жылқы еті**

**Техникалық шарттар**

**ҚР СТ 2123-2011**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

**1 Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және «Иртыш-Стандарт» ЖШС ғылыми-тәжірибелік сараптау және сертификаттау орталығы ӘЗІРЛЕП ЕҢГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2011 жылғы 04 қарашадағы № 595-од бұйрығымен **БЕКІТІЛП ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛДІ****

**3 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы Занының нормалары іске асырылды.**

**4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

2017 жыл  
**5 жыл**

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗІЛДІ**

*Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал өзгерістер мәтіні - «Мемлекеттік стандарттар» ай сайынғы ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарagan (жойған) немесе аудыстырыган жағдайда тиісті ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз реңми басылым ретінде толықтай немесе ішінара басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ****ЕТ КОНСЕРВЛЕРИ  
Бұқтырылған жылқы еті****Техникалық шарттар****Енгізілген күні 2012-07-01****1 Қолданылу саласы**

Осы стандарт бұқтырылған жылқы етінен дайындалған, тығыз бекітіліп буып-түйілген, заарсыздандырылған бөлшек саудада сатуға және қоғамдық тамақтануда өткізуге арналған ет консервілеріне таралады.

Халықтың өмірі мен денсаулығына арналған қауіпсіздікті қамтамасыз етегін өнімнің сапасына қойылатын міндетті талаптар 4-бөлімде берілген, буып-тую және таңбалашу талаптары - 4-бөлімде, қабылдау тәртібі мен бакылау әдістері - 5, 6-бөлімдерде берілген.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

КО ТР 005/2011 2011 ж. 16 тамызда Кеден Одағы комиссиясының шешімімен бекітілген «Буып-тюндін қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 ж. 21 наурыздағы № 277 қаулысымен бекітілген «Буып-туюғе, таңбалашуға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы № 410 қаулысымен бекітілген «Азық-тұлік қоспаларының қауіпсіздігіне, олардың өндірісі мен айналымына қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 ж. 15 қарашадағы №1201 қаулысымен бекітілген «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР СТ 1010-2008 Тамак өнімдері. Тұтынушыға арналған ақпарат. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 1081-2002 Азық-тұлік өнімдеріне арналған техникалық нұсқаулар және рецептураларды өндөу тәртібі. Негізгі ережелер.

ҚР СТ 1099-2002 Ет. Экспорт үшін жеткізілетін жылқы еті. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1505-2006 Тамак өнімдері. Инверсиялық вольтамперометрия әдісімен антибиотиктерді (левомециндинді, тетрациклином тобын) анықтау.

ҚР СТ 1728-2007 Ет және ет өнімдері. Буып-тую, таңбалашу, тасымалдау және сактау.

ҚР СТ ГОСТ Р 51301-2005 Тамак өнімдері және азық-тұлік шикізаты. Инверсиялық-вольтамперометрия әдістерімен үйгітты элементтерді (кадмий, қорғасын, мыс, мырыш) анықтау.

ҚР СТ ГОСТ Р 51574-2003 Тағамдық ас тұзы. Техникалық шарттар.

ҚР СТ ГОСТ Р 51962-2005 Тамак өнімдері және азық-тұлік шикізаты. Инверсиялық-вольтамперометрия әдісімен күшәннің жаппай шоғырлануын анықтау.

ГОСТ 8.579-2002 Мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі. Өндіру, өлшеп орау, сату және импорттау кезіндегі кез келген орауыштарға өлшеп буылған тауарлардың санына қойылатын талаптар.

## **КР СТ 2123-2011**

ГОСТ 1723-86 Дайындалатын және жеткізілетін жас пияз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 3282-74 Жалпы арналған төмен көміртекті болат сым.

ГОСТ 3560- 73 Бұып-түюгे арналған болат таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5717.1-2003 Консервілерге арналған шыны банкалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 5717.2-2003 Консервілерге арналған шыны банкалар. Негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 5981-88 Консервілерге арналған металл банкалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 7587-71 Кепкен басты пияз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 8756.0-70 Консервіленген азық өнімдері. Сынамалар алу және оларды сынауга дайындау.

ГОСТ 8756.1-79 Консервіленген азық өнімдері. Органолептикалық көрсеткіштерін, ыдыстағы салмағын, көлемін және құрама бөліктерінің салмақтық үлесін анықтау әдістері.

ГОСТ 8756.18-70 Консервіленген азық өнімдері. Сыртқы түрін, ыдыстың тығыз бекітілгенін, металл ыдыстың ішкі бетінің күйін анықтау әдісі.

ГОСТ 10444.1-84 Консервілер. Микробиологиялық талдауда колданылатын реактивтер ерітіндісін, бояулар, индикаторлар және коректендіргіш орталарды даярлау.

ГОСТ 10444.2-94 Тамақ өнімдері. *Staphylococcus aureus* айқындау және санын анықтау әдістері.

ГОСТ 10444.7-86 Тамақ өнімдері. Ботулинді токсіндерді және *Clostridium botulinum* анықтау әдістері.

ГОСТ 10444.9-88 Тамақ өнімдері. *Clostridium perfringens* айқындау әдісі.

ГОСТ 10444.15-94 Тамақ өнімдері. Мезофильді аэробты және факультативті-анаэробы микроорганизмдердің санын анықтау әдістері.

ГОСТ 13358-84 Консервілерге арналған тақтай жәшіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13516-86 Консервілер, пресервілер мен тамақтық сұйықтықтар үшін бүрмеленген картоннан жасалған жәшіктер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13534-89 Ет және ет-өсімдік консервілері. Бұып-тю, таңбалау, тасымалдау.

ГОСТ 14192-96 Жүктеді таңбалау.

ГОСТ 17594-81 Құргақ лавр жалырағы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 18251-87 Қағаз негізді желімді таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 20477-86 Жабысқақ қабатты полиэтилен таспа. Техникалық шарттар.

ГОСТ 21650-76 Ідис-дана жүктегендегі көлік пакеттердегі бекіту құралдары.

Жалпы талаптар.

ГОСТ 23285-78 Азық-тұлік өнімі мен шыны ыдыска арналған көлік қалталары. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24597-81 Даны-ыдыстарға арналған жүк қалталары. Негізгі параметрлер мен өлшемдер.

ГОСТ 25011-81 Ет және ет өнімдері. Ақуызды анықтау әдістері.

ГОСТ 25951-83 Қызуы тұрақты полиэтилен қабыршақ. Техникалық шарттар.

ГОСТ 26183-84 Жеміс және көкөністердің өндеу өнімдері, ет және ет-өсімдік консервілері. Майды анықтау әдістері.

ГОСТ 26186-84 Жеміс және көкөністердің өндеу өнімдері, ет және ет-өсімдік консервілері. Хлоридтерді анықтау әдістері.

ГОСТ 26669-85 Азық-тұлік және дәмдік өнімдер. Микробиологиялық талдаулар үшін сынамаларды дайындау.

ГОСТ 26927-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынапты анықтау әдістері.

ГОСТ 26929-94 Шикізат және тамақ өнімдері. Сынамаларды дайындау. Құрамындағы уытты бөлшектерді анықтау үшін минералдау.

ГОСТ 26930-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Күшәнді анықтау әдісі.

ГОСТ 26932-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Қорғасынды анықтау әдісі.

ГОСТ 26933-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Кадмийді анықтау әдісі.

ГОСТ 26934-86 Шикізат және тамақ өнімдері. Мырышты анықтау әдісі.

ГОСТ 26935-86 Консервіленген тамақ өнімдері. Қалайыны анықтау әдісі.

ГОСТ 27095-86 Ет. Жарты ұша және төрттен бір бөлігі түріндегі жылқы еті мен күлүн еті. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29050-91 Татымдықтар. Қара және ақ бұрыш. Техникалық шарттар.

ГОСТ 29300-92 Ет және ет өнімдері. Нитратты анықтау әдісі.

ГОСТ 30425-97 Консервілер. Өнеркәсіптік заарсыздықты анықтау әдісі.

**ЕСКЕРТПЕ** Осы стандартты пайдалану кезінде ағымдағы жылдағы жай қүйі бойынша «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар сілтемесі» жыл сайын басылып шығарылатын акпардатық сілтемес және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ай сайын басылып шығарылатын акпардатық сілтемелер бойынша сілтемелік стандарттардың және жіктеуіштердің қолданысын тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертулс), онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертилген) стандартты басылызықа алу керек. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын боліктегі қолданылады.

### **3 Терминдер мен анықтамалар**

Осы стандартта «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар», «Бұып-түюге, таңбалауға және олардың дұрыс түсірілуіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттеріне және ҚР СТ 1010 сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

### **4 Техникалық талаптар**

Консервілер «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің және осы стандарттың талаптарына сәйкес келуге, ҚР СТ 1081 белгіленген тәртіппен бекітілген рецептуралар мен технологиялық нұсқаулықтар бойынша, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарына арналған санитарлық нормалар мен ережелерді сактай отырып шығарылуға тиіс.

#### **4.2 Сипаттамалар**

4.2.1 Органолептикалық көрсеткіштері бойынша, консервілер 1-кестеде берілген талаптарға сәйкес болуы қажет.

## 1 кесте

Көрсеткіш атауы	Сипаттамасы және нормасы	
	Жоғарғы сұрып	Бірінші сұрып
Еттің сыртқы түрі және қоюлығы	Негізінде ет кесектерінің салмағы 30 г кем емес, шырынды, ете көп пісірілмеген; сүйексіз, шеміршексіз, сіңірсіз, ерескел біріктіру ұлпасы жоқ, ірі қан тамырысыз, лимфа және жүйке түйіні жоқ	
	Банкіден абайлап шығарғанда шығарғанда кесектер ыдырамайды	Банкіден абайлап шығарғанда кесектердің жартылай ыдырауына рұқсат етіледі
Ет шырынының сыртқы түрі	Кыздырылған күйде сары түстен ақшыл-қоңыр түскे дейін, ақуыз заттарының үлпегі болуы мүмкін. Ет шырынының болмашы тұнбалығына рұқсат етіледі	
Іісі мен дәмі	Дәмдеуішпен хош істендірілген бұқтырылған жылқы етіне тән, бөгде дәм және иіссіз	
Еттің салмақтық үлесі, %, кем емес		60
Майдың салмақтық үлесі, %, кем емес		17,0
Ас тұзының салмақтық үлесі, %, кем емес	1,0	1,5
Акуыздың салмақтық үлесі, %, кем емес		15
Қорғасын тұзының салмақтық үлесі		Рұқсат етілмейді
Бөгде қоспалардың салмақтық үлесі		Рұқсат етілмейді

4.2.2 Қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша консервілер 2-кестеде көрсетілген талаптарға [1], [2] сәйкес болуы қажет.

## 2 кесте

Көрсеткіш	Рұқсат етілген деңгейлер, мг/кг, артық емес	Ескертпе
Үйтты элементтер:		
қорғасын	0,5 1,0	құрама қаңылтыр ыдыстағы консервілер үшін
күшән	0,1	
кадмий	0,05 0,1	құрама қаңылтыр ыдыстағы консервілер үшін
сынап	0,03	
қалайы	200,0	құрама қаңылтыр ыдыстағы консервілер үшін
Нитрозаминдер: НДМА және НДЭА жиынтығы	0,002	натрий нитраты қосылған консервілер үшін
Пестицидтер**		
ГХЦГ ( $\alpha$ , $\beta$ , $\gamma$ – изомерлер)	0,1	
ДДТ және оның метаболиттері	0,1	

4.2.3 Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша өнеркәсіптік заразыздандыру қауіпсіздігі, диоксиннің\* қалдық саны бойынша консервілер Қазақстан Республикасы және Кеден одағының [1], [2] тұрғындарына санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқат саласында қойылған нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келуі керек.

#### **4.3 Өндірістік процестерге қойылатын қауіпсіздік талаптары**

4.3.1 Өнімнің өндіріс процесі кезіндегі қауіпсіздігі «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті және [5] бойынша және:

- өнімнің өндірісі кезінде технологиялық процесстерді тандау және барлық кезендерде (бөлімшелерде) олардың жүзеге асырылуының тәртібі;

- шығарылған өнімнің ластануын болдырмау үшін, технологиялық процесстердің онтайлы реттілігін тандау;

  - технологиялық жабдықтардың жұмысын бақылау;

  - өнім, ыдыс, буып-тую материалдарын өндіру үшін, тамақ (азық-тұлік) шикізаттарының сақтау шарттарын бұзбау;

  - өнім шығарылатын кезде қолданылатын технологиялық жабдықтар мен құрал-саймандарды өнімнің ластануын болдырмайтын күйде сақтау;

  - өндірістік үй-жайлардың санитарлық өңдеудің, залалсыздандырудың, улау және зиянды кеміргіштерді жою кезенділігін және әдістерін тандау, өнімнің шығару кезінде қолданылатын технологиялық жабдықтарды және құрал-саймандарды санитарлық өңдеу және залалсыздандыру. Санитарлық өңдеу, залалсыздандыру, улау және зиянды кеміргіштерді жою өнімнің ластану қауіпін болдырмайтын кезенділікпен жүргізілуі керек. Санитарлық өңдеу, залалсыздандыру, улау, зиянды кеміргіштерді жою кезенділігін өнімді дайындаушы бекітіледі;

    - құжаттамалар мен жазбалардың жүргізілуі және сақталуы;

    - өнімді шығарудағы (өндірістік бақылау) қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі;

      - өнімді қадағалау жолымен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.3.2 Өнімді шығару кезінде қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің қауіпсіздік талаптарына сай азық-тұлік (тағамдық) шикізат қолданылуы қажет.

4.3.3 Топырақты тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтармен ластаудан қорғау Қазақстан Республикасы Зандарының [7], [8], талаптарына, сонымен бірге аумакта жұмыс істейтін санитарлық-эпидемиологиялық ережелерге [9] сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4.4 Шикізаттар мен материалдарға қойылатын талаптар**

4.4.1 Консерві өндіруде қолданылатын шикізаттар, материалдар, азық-тұлік қоспалары қолдануға Қазақстан Республикасының Мемсанәпидқадағалау органды рұқсат еткен және онын қауіпсіздігі мен сапасын раставтың құжаттары болуы керек.

4.4.2 Консервілерді шығару үшін мынадай шикізаттар мен материалдар қолданылуы қажет:

- жылқы еті ҚР СТ 1099, ГОСТ 27095 салқындастылған немесе тоңазытылған күйде (толық жібіткеннен кейін), ветеринария саласындағы органдар консерві өндіруге рұқсат еткен;

\*мемлекеттік немесе атқаруышы үкіметтік органдар экологиялық ахуалдың нашарлауын ресми анықтаған жағдайда, төтенше жағдайлар табиги және техногенді сипат алғанда, диоксиннің коршаган ортаға түсініне әкелетін жағдайда қадағаланады

- тағамдық ас тұзы ҚР СТ ГОСТ Р 51574, қайнатпа тұз немесе тас тұз, тұнба тұз, № 0, 1 және 2 ұнтақ, бірінші сұрыптан төмен емес;
- шикізат-май қолданыстағы нормативтік құжаттар бойынша;
- жас пияз ГОСТ 1723 бойынша немесе кепкен пияз ГОСТ 7587 бойынша;
- кара бұрыш ГОСТ 29050 бойынша;
- лавр жапырағы (кургақ) ГОСТ 17594 бойынша;
- «Азық-түлік қоспаларының қауіпсіздігіне, олардың өндірісі мен айналымына қойылатын талаптар» техникалық регламенттіне сәйкес басқа азық-түлік қоспалары.

Бір реттен артық тонасұтынған, бұлшық ет ұлпасы мен майының түсі өзгерген жылқы етін пайдалануға рұқсат етілмейді.

4.4.3 Қауіпсіздік және сапа нормаларын куәландыратын құжаттар болған жағдайда, басқа шиқізатты және материалдарды колдануға рұқсат етіледі.

#### **4.5 Таңбалау**

4.5.1 Консервілерді таңбалау «Бұып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар», «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенттердің, ҚР СТ 1010 және ГОСТ 13534 талаптарына сәйкес келуі кажет.

4.5.2 Банкалар литографиялық жолмен немесе қағаз затбелгі жапсыру арқылы мынадай белгілерді көрсетіп мемлекеттік және орыс тілінде таңбалануы керек:

- дайындаушы-кәсіпорынның атавы және (немесе) тауарлық белгісінің атавы;
- дайындаушы- кәсіпорынның мекен-жайы;
- өнімнің атавы;
- сұрпы (бар болса);
- таза салмағы, г;
- құрамы;
- дайындалған күні;
- өнімнің жарамдылық мерзімі;
- сақтау шарттары;
- қолдануға әзірлеу әдісі;
- 100 г өнімде тағамдық және энергетикалық құндылығы туралы ақпараттық деректер (май, ақуыз, көмірсүтегі, коректілік, микро - макроэлементтер);
- сызықтық коды (бар болса);
- «Қазакстанда жасалған» немесе «Қазақстан Республикасында жасалған» деген жазу;
- осы стандарттың белгіленуі;
- сәйкестікті растау туралы ақпарат.

4.5.3 Көліктік таңбалау ГОСТ 14192 бойынша. Жәшікке «Жогары», «Құн сөүлесінен сактаныз», «Ылғалдан сактаныз» деген айла-шарғылық таңбалар түсірілуі керек.

Алюминий банкадағы өнімге «Лактыруға болмайды» деген қосымша жазу, ал шынындағы өнімге – «Сынғыш. Абайланаңыз» деген айла-шарғылық белгілер жазылады.

4.5.4 Өлшеп буып қойылған өнімді сипаттайтын таңбалау көліктік ыдыстың бүйір жағының біріне жуылмайтын, иісі жоқ бояумен мөртабанның, трафареттің көмегімен немесе затбелгі жапсырып мемлекеттік және орыс тілінде жазылады:

- дайындаушы - кәсіпорынның атавы және (немесе) тауарлық белгісі;
- дайындаушы - кәсіпорынның мекен-жайы;
- өнімнің атавы;
- бір банканың таза салмағы;
- банканың саны;

- банканың нөмірі;
- жасалған күнінен бастап консервілерді сақтау мерзімі;
- сақтау шарттары;
- топтама нөмірі (бар болса);
- салушының немесе бригада нөмірі;
- осы стандарттың белгіленуі.

4.5.5 Банканың қақпағына немесе түбіне бедерлі таңбалau әдісімен немесе жуылмайтын бояумен мынадай шартты белгілер жазылады:

- консервілерді өндіру күні (күні, айы, жылы), түбінде консервілердің жарамдылық мерзімі (күні, айы, жылы).

4.5.6 Банканың қақпақтарында немесе түбінде: ауысым (бригада) нөмірі, сұрыпталым нөмірі және [3] сәйкес дайындаушы-кәсіпорынның нөмірі.

Литографиленбекен консерві банкасының қақпақтарына немесе түбіне мынадай шартты белгілер жазылады:

- дайындалған күні;
- дайындалған айы;
- дайындалған жылы;
- ауысым нөмірі;
- түр жиындық нөмірі;
- Казақстан Республикасының екі әріпті коды [4] бойынша – KZ;
- дайындаушы-кәсіпорынның нөмірі.

Бір немесе екі белгілермен сұрыпталым нөмірін белгілеу кезінде олардың және ауысым нөмірі арасында екі немесе бір таңбаға бос жер қалдырады.

Бір ауысым жұмыс кезінде ауысым нөмірі түсірілмейді.

Таңбалau белгілері қақпақта екі немесе үш қатар (банка диаметріне байланысты) (алюминий жұқалтырдан жасалған банкалар үшін тек түбінде ғана, сонымен бірінші қатарда тек дайындалған күні түсіріледі) немесе ішінара қақпақта, шарттық белгілерді бүзбай ішінара түбінде, бірінші бомбажды сақинамен (немесе қаттылық сақинасымен) шектелген аланда орналастырылады.

Шыны банкаларға өнімді консервілеу кезінде ақпаратты заттаңбаға және (немесе) шыныға және (немесе) қақпаққа түсіруге болады.

4.5.7 Картон кораптар мен пачкаларды таңбалуда мынадай деректер болуы керек:

- дайындаушы –кәсіпорынның атауы;
- консервілердің атауы.

## 4.6 Буып-түю

4.6.1 Буып-түю «Буып-түюдің қауіпсіздігі туралы» 005/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы қажет. Буып-түю үшін қолданылатын барлық орауыштар, орау материалдары мен ыдыстар Қазақстан Республикасының Мемсанәпидқадағалау органды қолдануға рұқсат еткен болуга тиіс. Консервілерді заарсыздандыруға койылатын талаптар «Консервілердің, пресервілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентіне сәйкес.

4.6.2 Консервілерді буып-түю үшін тұтынушылар (металл, шыны банка) және көлік ыдысын (кораптар, термоотырғызу үлдір, ыдыс-жабдық, жалпақ тұғырыкты пакеттер) қолданады.

4.6.3 Өнімі бар тұтыну ыдысы бүтін, таза, пішіні өзгермеген, өнімнің аққан ізінсіз болуы қажет.

4.6.4 Қаңылтыр банкадағы консервілердің салмағы, мысалы: № 4 – 240 г немесе 250 г; № 8 – 325 г, № 9 – 340 г. Консервілердің таза салмағын ГОСТ 8756.1 бойынша

айқындаиды. Жеке банкалар үшін ықтимал ауытқулар затбелгіде көрсетілген таза салмағынан аспауга керек :

- 4 %-дан бастап 8,5 %-га дейін - таза салмағы 350 г қоса алғанда банкалар үшін;
- ± 3 % - 350 г-нан бастап 1000 г-ға дейін таза салмағы бар банкалар үшін;
- ± 2 % - таза салмағы 1000 г-нан артық банкалар үшін.

Орауыштың номиналды санынан ішіндеңісінің таза салмағының ықтимал шегінің теріс ауытқуы - ГОСТ 8.579 бойынша.

#### **4.6.5 Металл тұтыну ыдысына буып-тую**

4.6.5.1 Металл банкалар ГОСТ 5981 талаптарына сәйкес келуі қажет. Банкалардың жігі тұғыз және тегіс болуы керек.

4.6.5.2 Өнім салынған металл банкалар тұғыз бекітілген болуы керек. Түптері және қақпақтары қайтыс және жазық болуы керек.

##### **4.6.5.3 Мынадай:**

- әрбір бүктелген жерінде дөңгелектер бойынша мөлшерінде екіден көп емес болмашы тістер, көртіктер және банка жігі бойынша дәнекерлеменің қаспақтары;
- сзықтар түрінде лактың терең емес сыртқы бұзылуы бар және литографияланған лакталған банкалардың үстінің 7 %-нан аспайтын аздап қырқылуы (жемірілуі) жоқ болса, затбелгі жазулары және банкалардың тауарлық түрі бұзылмаған болса;
- банкалардың түркүйін өткір қырларсыз аздаған жаншылуы;
- банкалардың үстінде жеңіл ағу, құңгірттік, біліктің жеңіл таңбасы, диаметрі 1 мм-ге дейін қара нұктелер, жеңіл шалағай сзықтар және дәнекерлеудің бүтіндігін бұзбайтын қапсырма шегелер, қалайының майда кесекшелері, мөлшерінде үштен артық емес диаметрі 2 мм-ге дейін көпіршіктері бар темір банкадагы тұғыз бекітілген консервілер жергілікті өткізуге (ұзак сақтауға дайындалмай) рұқсат етіледі.

Тапсырыс берушінің шарты бойынша өнімді тапсырыс берушінің деректерін көрсетіп өлшеп бууға және таңбалауға болады.

#### **4.6.6 Шыны тұтыну ыдысына буып-тую**

4.6.6.1 Шыны банкалар ГОСТ 5717.1, ГОСТ 5717.2 талаптарына сәйкес келуі қажет.

4.6.6.2 Өнім салынған шыны банкалар сызат және көгерген жері жоқ болуы, қақпақтармен тығыз жабылған болуы керек.

4.6.6.3 Банкаларды бітеу үшін резенке тығызыдағыш сақиналары бар металл қақпақтар пайдаланылады. Қақпақтар қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуі керек.

4.6.6.4 Қақпақтардың сыртқы беті тот іздері жоқ, лак, эмаль және литографиялық жабыны бұзылмаған болуы қажет.

Лак немесе эмаль жабынының жабу жігінде аздаған бұзылулар болуы мүмкін.

#### **4.6.7 Қөліктік ыдысқа буып-тую**

4.6.7.1 Консервілер ГОСТ 13358 бойынша ағаш жәшіктерге немесе ГОСТ 13516 бойынша бүрмелі картоннан жасалған жәшіктерге немесе ГОСТ 25951 бойынша термоотыргызу үлдіріне буып түйіледі.

Экспорт үшін шығарылатын консерві өнімдері, ГОСТ 13358 бойынша ағаш жәшіктерге, тығыздан сомдалған, сыртқы жағынан сүрғленген, екі бакылау таспасымен тысталған, жәшіктің шет қабырғаларынан 10 см қашықтықта құлыш болып бекітілген, сонымен бірге қолданыстағы нормативтік құжаттар арқылы экспорт үшін өндірілетін ет

және сүт консервілері бүрмелі картонга оралуы керек

4.6.7.2 Өнімді ұзак сақтауға дайындаудан, тұтыну ыдысына орау кезінде айналымды көліктік ыдысты қолдануға рұқсат етіледі, ол мықты, таза, ескі таңбалаш белгілері жоқ және ГОСТ 13358 және ГОСТ 13516 сәйкес болуы керек.

4.6.7.3 Жәшік ішінде консерві банкалардың еркін орын ауыстыруына рұқсат етілмейді.

4.6.7.4 Өнімі бар ағаш жәшіктер ГОСТ 3282 бойынша шеге қағылған және тығыздап шет қабыргаларынан орап байланған, немесе ГОСТ 3560 бойынша металл таспамен байлануы қажет.

Шентемірмен жабдықталған бүрмелі картоннан жасалған жәшіктер ГОСТ 3282 бойынша сыммен немесе ГОСТ 3560 бойынша металл таспамен немесе ГОСТ 20477 бойынша полимер материалдан жасалған таспамен немесе жабысқақ жігі бар полиэтилен таспамен екі белдікте желімденген немесе ГОСТ 18251 бойынша қағаз негізіндегі желімді таспамен байлануы керек.

Шентемірмен жабдықталмаған бүрмелі картоннан жасалған жәшіктер ұзына бойына қақпақтарына және шет қабыргалары немесе ұзына бойына қақпақтарға ғана ГОСТ 18251 бойынша сыммен немесе металл таспамен, немесе полимер материалдардан жасалған таспамен, немесе қағаз негізіндегі желімді таспамен, ГОСТ 20477 бойынша, ені 50 мм-ден 100 мм-ге дейін жабысқақ жігі бар полиэтилен таспасымен байлануы керек. Таспалардың шеттері іргелес желімденетін жәшіктің қабыргасының тігісіне енімен 50 мм-ден 60 мм-га дейін кіріп тұруы керек. Жәшіктердің ұзына бойынша қақпашаларын желімдегендеге тұп және қакпақ қақпашалары бір белдікте жабысқақ жігі бар таспамен желімденген болуы керек, немесе өзара металл тұтқалармен тігілген, сыммен немесе металл таспамен қосымша орап байлануы керек.

Жәшіктерді желімдеу әдісінің механикаландырылған күйінде бақылау таспаларының бүтіндігі, өнімнің сакталуы және тұтыну орауышының сапасы қамтамасыз етілген кезде, желімдеудін баска әдістерін колдануға рұқсат етіледі.

Ұзак сакталуға арналған консервілерді шентемірі бар жәшіктерге буып түйеді.

4.6.7.5 Шыны және металл банкалардағы консервілерді термоотырғызу үлдірін колданып топтама орауышқа құрастыруға болады.

Термоотырғызу үлдірмен жәшіктерді және топтама орауыштарды ГОСТ 23285 бойынша пакеттейді.

4.6.7.6 Әрбір банка немесе өнім салынған оралған жинақ жеке картон қораптарына немесе кейін салынатын пәшкілерге салынуы мүмкін.

## 5 Қабылдау тәртібі

5.1 Консервілерді топтамамен қабылдайды. Өнімнің кез келген санының бір атауы бар, бір ауысым ішінде шығарылған, сапасы туралы бір құжатпен рәсімделген, бір уақытта алынып - берілетін өнім мөлшері топтама болып табылады. Сапаның бағалауын орташа сынақ бойынша өткізеді. Бақылау нәтижесі барлық топтамаға таралады.

Топтаманы қабылдау кезінде консервіленген өнімдердің рұқсат етілмеген ақауының болмауын [6] көзбен шолып тексеру жүргізу арқылы біледі.

5.2 Топтаманы анықтау, іріктеу көлемі ГОСТ 8756.0 бойынша.

5.3 Органолептикалық және физикалық-химиялық көрсеткіштер бақылауын дайын өнімнің әр топтамасында өткізеді.

5.4 Консервілерде пестицидтердің, уытты заттардың, антибиотиктердің, нитрозаминдердің, нитраттардың, диоксиндердің мөлшерін және микробиологиялық көрсеткіштерін бақылаулары Қазақстан Республикасының Мемсанәпидкадағалау органының келісімімен дайындаушы белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

5.5 Бір көрсеткіштен болса да қанағаттанбайтын нәтиже алынған жағдайда, өнімнің сол топтамасынан екі еселенген сынама алынып сынап қайта жүргізіледі. Қайта сынап нәтижесі соңғы болып табылады және барлық топтамаға таралады. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша қанағаттанбайтын нәтиже алынған жағдайда өнімнің топтамасы ақаулы деп танылады.

5.6 Өнім сапасын бағалау кезінде тұтынушы мен өндіруші арасында келіспеушілік болған жағдайда, төрелік талдауды белгіленген тәртіппен аккредиттелген сәйкестікте растау органы (сынақ зертханасы (орталық)) өткізеді.

## **6 Бақылау әдістері**

6.1 Сынаманы іріктеу әдісі ГОСТ 8756.0 бойынша.

6.2 Органолептикалық көрсеткіштерді, таза салмағын немесе құрама бөліктердің массалық үлесінің көлемін бақылау ГОСТ 8756.1 бойынша.

6.3 Үйдистың сыртқы түрі, үйдистың тығыз бекітілгені және металл үйдистың ішкі бетінің күйі ГОСТ 8756.18 бойынша.

6.4 Хлоридтерді анықтау әдістері ГОСТ 26186 бойынша.

6.5 Майды анықтау әдісі ГОСТ 26183 бойынша.

6.6 Ақуызды анықтау әдістері ГОСТ 25011 бойынша.

6.7 Үйтты элементтерді анықтау үшін сынамаларды дайындау ГОСТ 26929 бойынша, микробиологиялық талдау үшін ГОСТ 26669 бойынша.

6.8 Микробиальды бүлдіруді қоздырығышты анықтау әдістері ГОСТ 10444.15, ГОСТ 30425 бойынша.

6.9 Микробиологиялық талдауда қолданылатын реактивтер ерітіндісін, бояулар, индикаторлар және қорек ортасын дайындау ГОСТ 10444.1 бойынша.

6.10 Патогенді микроорганизмдерді анықтау әдісі ГОСТ 10444.2, ГОСТ 10444.7, ГОСТ 10444.9 бойынша.

6.11 Үйтты элементтердің мөлшерін ҚР СТ ГОСТ Р 51301, ҚР СТ ГОСТ Р 51962, ГОСТ 26927, ГОСТ 26930, ГОСТ 26932, ГОСТ 26933, ГОСТ 26934, ГОСТ 26935, антибиотиктерді ҚР СТ 1505 бойынша, нитраттарды ГОСТ 29300 бойынша, нитрозаминдерді, диоксиндерді – белгіленген тәртіппен бекітілген әдістемелер бойынша.

## **7 Тасымалдау және сақтау**

7.1 Өнімді сактау, тасымалдау олардың сапасы мен қауіпсіздігінің сақталуы қамтамасыз етілетін температуралық режимде өткізуі керек.

7.2 Консервілер көліктің осы түріне арналған тез бұзылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарында көліктің барлық түрімен тасымалданады. Пакеттердің түрінде қолданыстағы нормативтік құжат бойынша тасымалдайды. Көліктік пакеттерге бекіту құралдары ГОСТ 21650 бойынша негізгі параметрлер және өлшемдермен ГОСТ 24597 бойынша.

Консервілер су көлігімен тасымалданған жағдайда бүрмелі қатырма жәшіктер контейнерлерге буып-түйлүй керек.

7.3 Консервілерді ауаның ылғалдылығы 75 %-дан жоғары емес және температурасы 0 °С-тан бастап 20°C –ка дейін болатын жылытылатын, жылытылмайтын, таза, құрғақ, жақсы желдетілген үй-жайда сақтайды

7.4 Консервілердің жарамдылық мерзімі ҚР СТ 1728 бойынша.

## **8 Дайындаушиның кепілдігі**

Дайындаушы ет консервілерінің сақтау, тасымалдау және өнімді өткізу шарттары сакталған жағдайда, осы стандарттың талаптарына сәйкестігіне және оның сапасының сакталуына кепілдік береді.

### **Библиография**

[1] «Тамак өнімдеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің м.а. 2011 жылғы 6 тамыздағы № 611 бұйрығы

[2] Кеден Одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірынғай санитарлық -эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар

[3] «Тамак өнімдерін өндіру (дайындау) объектілеріне есептік нөмір беру ережесі», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 ақпандығы № 125 қаулысы.

[4] ҚР МЖ 06 (ИСО 3166.1)-2011 ҚР мемлекеттік жіктеуіші «Ел атауларын және олардың әкімшілік-аумактық бірлігін белгілеу кодтары. 1-бөлім. Ел кодтары».

[5] САС/RCP 1-1969 Ұсынылатын халықаралық техникалық нормалар мен ережелер. Тағамдық гигиенаның ортақ қағидалары.

[6] САС/GL 17-1993 Қаңылтыр банкалардағы консервілер топтамасының ретсіз міндерінің бар болуына көз мөлшерімен бақылау процедуралары. Басшылық нұсқауы.

[7] Қазақстан Республикасының заңнамасы. Қазақстан Республикасының 09.02.2007 ж. Экологиялық кодексі.

[8] Қазақстан Республикасының заңнамасы. Қазақстан Республикасының 09.07.2003 ж. Су кодексі

[9] «Өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық-эпидемиологиялық ережелері мен нормалары. Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрлігінің бұйрығымен бекітілген



---

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**КОНСЕРВЫ МЯСНЫЕ  
Конина тушеная**

**Технические условия**

**СТ РК 2123-2011**

**Издание официальное**

**Комитет технического регулирования и метрологии  
Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан  
(Госстандарт)**

**Астана**

**Предисловие**

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** Министерством сельского хозяйства Республики Казахстан и Научно-практическим центром экспертизы и сертификации ТОО «Иртыш-Стандарт»

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** Приказом Председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 04 ноября 2011г. № 595-од.

**3** В настоящем стандарте реализованы положения Закона Республики Казахстан «О техническом регулировании» от 9 ноября 2004г.

**4 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ  
ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ**

2017 год  
5 лет

**5 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ**

*Информация об изменениях к настоящему стандарту публикуется ежегодно издаваемом информационном в указателе «Нормативные документы по стандартизации», а текст изменений – в ежемесячных информационных указателях «Государственные стандарты». В случае пересмотра (отмены) или замены настоящего стандарта соответствующая информация будет опубликована в информационном указателе «Государственные стандарты»*

Настоящий стандарт не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Комитета технического регулирования и метрологии Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан.

**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**КОНСЕРВЫ МЯСНЫЕ**  
**Конина тушеная**

**Технические условия**

**Дата введения 2012-07-01**

**1 Область применения**

Настоящий стандарт распространяется на консервы мясные, приготовленные из конины тушеної, фасованные в банки, герметически укупоренные и стерилизованные, предназначенные для реализации в розничной торговле и общественном питании.

